

**Махамбет ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Атырау облысы Махамбет ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 23 қарашадағы № 341 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 28 желтоқсанда № 3731 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Махамбет ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 28 қыркүйектегі № 307 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Махамбет ауданы әкімдігінің 28.09.2017 № 307 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 31, 37 баптарына және "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6 бабының 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Махамбет аудандық әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Махамбет ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А. Айманакумовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*А. Құттұмұрат-ұлы*

Махамбет аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 23 қарашадағы № 341 қаулысымен бекітілді

**Махамбет ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері**

Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру мекемелерінде тәрбиеленушілердің саны	Мектепке дейінгі мекемелерде жан басына шағып	Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде ата-ананың ақы төлеу мөлшері айына (теңге)

Республикалық бюджет есебінен	Жергілікті бюджет есебінен	қаржыландырудың мөлшері айына (теңге)	Күніне бір баланың тамағына шығын, теңге (көп емес)		Айына бір баланың тамағына шығын теңге (көп емес)	
			1-3 жас	3 жастан жоғары	1-3 жас	3 жастан жоғары
920	1060	27945	300	350	6000	7000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК